



БҰЙРЫҚ

« 26 » мамыр 2023 ж.г.
Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 37-нқ
город Кызылорда

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы

Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізінде төмендегі құрамда жұмысшы тобы құрылсын және қызметкерлерге жүктелсін.

Топ жетекшісі:

Ахметов Марат Абдугалиевич - колледж директоры міндетін уақытша атқарушы.

Топ мүшелері:

1. Елеусинова Раушан Тажмаганбетовна - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
 2. Мусурманкулов Асанхан Ануарович - оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары.
 3. Шаймерденова Макпал Есенбековна - бас есепші.
 4. Исаева Бибигуль Шарапатовна - шаруашылық меңгерушісі.
 5. Ибадуллаева Гүлжан Жакипбековна - кадр бөлімінің инспекторы.
 6. Куланбаева Гүлсим Асылбековна - жатақхана тәрбиешісі.
 7. Жумагулова Марта Айтбаевна - оқу бөлімінің хатшысы.
2. Жұмысшы топ колледждің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін қамтитын талдамалық анықтама әзірлеу міндеттелсін.
 3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Колледж директоры
міндетін уақытша атқарушы



М.А.Ахметов

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша

Қызылорда қаласы

2023 жылғы «7» маусым

КІРІСПЕ БӨЛІМІ

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (әрі қарай – Білім беру ұйымы) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 26.05.2023ж. №37-нқ бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Ахметов Марат Абдугалиевич	Колледж директоры міндетін уақытша атқарушы – топ жетекшісі
Елеусинова Раушан Тажмаганбетовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары -топ мүшесі
Мусурманкулов Асанхан Ануарович	Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары -топ мүшесі
Шаймерденова Макпал Есенбековна	Бас есепші - топ мүшесі
Исаева Бибигуль Шараптовна	Шаруашылық меңгерушісі - топ мүшесі
Ибадуллаева Гульжан Жакипбековна	Кадр бөлімінің меңгерушісі - топ мүшесі
Куланбаева Гулсим Асылбековна	Жатақхана тәрбиеші – топ мүшесі
Жумагулова Марта Айтбаевна	Оқу бөлімінің хатшысы - топ мүшесі

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2022-2023 оқу жылының ІІ жарты жылдығы кезеңі қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01.01-07.06.2023ж. аралығында жүргізілді.
6. Колледж директордың уақытша қызметін атқарушы Ахметов М.А. топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілерде (Әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Білім беру ұйымы құзіреті шегінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады.

Білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесіне сәйкес іске асырылады.

Білім беру ұйымында 5 құрылымды бөлімше жұмыс жасайды:

- Оқу жұмыстары бөлімі;
- Тәрбие жұмыстары бөлімі;
- Оқу-өндірістік жұмыстары бөлімі;
- Кадр бөлімі;
- Шаруашылық жұмыстары бөлімі;
- Есеп-қисап бөлімі;

Мекен – жайы: 1200014, Қызылорда облысы, Желтоқсан № 10а

II. Білім беру ұйымының қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Кодекстерді, Заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді. Білім беру ұйымы қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
2. Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңы
3. «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 Бұйрығы
4. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 150 бұйрығы
5. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.
6. «Білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 мамырдағы № 199 бұйрығы
7. «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 719 бұйрығы.

8. «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 212 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 қарашадағы № 633 бұйрығы.

9. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 09 шілдедегі № 263 бұйрығы

10. «Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына мемлекеттік стипендиялар төлеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

11. «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы

12. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығы.

13. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы.

14. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы

15. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығын таныстыру.

16. «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы мен қосымшалары

17. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы

18. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы

19. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығы

20. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы

21. «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы бойынша беріледі.

22. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы бойынша қабылданады.

23. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы бойынша беріледі.

24. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» "Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығы бойынша қабылданады.

25. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру» "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады. 29. «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №218 бұйрығы бойынша жүзеге асырылады.

26. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондайақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі №82 бұйрығы

27. Қызметкерлерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, ерекше мағызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызметкерлерге сыйлықберу, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысы

НҚА талдау жүргізу нәтижесінде процестерін реттеу бойынша анықталғаны:

Оқу, оқу-тәрбие, оқу өндірістік, шаруашылық жұмыстары мен кадр, есеп-қисап бөлімінің қызметін іске асыруда НҚА басшылыққа алынған.

Оқу процесінің ұйымдастырылуы.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі бойынша оқу процесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, колледж Жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық

2022-2023 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс негізінде 321 студент оқиды, оның ішінде жергілікті бюджет – 321 студент білім алуда.

Сабақ кестесі оқу жылында жасалып, бекітілді.

Оқу үлгерімі 100%. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі №5-13-2/3231-И хатына сәйкес Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінде 2020-2021 оқу жылынан бастап қабылданған студенттерінің оқу жетістіктері бағалау балдық – рейтингтік жүйесі, IV курс студенттері 5 балдық жүйеде бағалау жүргізіледі.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінде 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша 4 мамандықта 321 студент үлгерім қорытындысы бойынша жинақ ведомості алынып, оқу үлгерімі анықталды. Барлық білім алатын 314 студент, «Үздік» - 18, «Екпінді» - 212, «Үштік» - 84, жартылай жетім студент – 48, патронат -2, оқу үлгерімі 100 %.

2022-2023 оқу жылы 321 білім алушымен басталып, оқу жылының I жарты жылдығы 314 білім алушымен (7 білім алушы оқудан шығарылған және өзге оқу орнына ауысқан) аяқталған.

Олардың ішінде 165- і жасөспірім (90 ер бала, 75 қыз бала).

Колледждің әлеуметтік паспорты:

Қамқоршылықта - 2, жартылай жетім - 16, көп балалы - 157, толық емес отбасы - 43, жұмыссыз отбасы - 11, өгей әке - 4, Ф4 - 8, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасы - 80.

Тәрбие шараларын ұйымдастыруда «Студенттік парламент ұйымы», «Сыр ұланы» әскери-патриоттық клубы, «Оқуға құштар колледж» жобасы аясында «Алаш» оқырмандар клубы, «Зияткер» дебат клубы құрылып, ережелері бекітіліп, жұмыс жоспарлары жасалған. Одан бөлек «Sanaly ırpak» - адалдық клубы, «Ай-Зере» қыздар ұйымы жұмыс жасайды. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 Заңы негізінде балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында колледжде 70 бейнекамералар орнатылды. Бейнекамералар арқылы 62 ішкі және 8 сыртқы бақылау жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысына сәйкес білім алушылардың санына қарай колледжде штат бойынша 1 педагог-психолог жұмыс жасайды.

Колледж бойынша 95 оқу кабинеті, 1 мәжіліс зал, 1 хор залы, 1 оркестр зал, 1 камералық зал, 2 би залы, 1 әдіскер кабинеті, 1 музыкалық түрлі аспаптар қоймасы, 1 сахналық костюмдер қоймасы, 1 медпункт, 30 орындық асхана, 100 орындық жатақхана колледж ғимаратының ішінде орналасқан.

Кітапхана. Жалпы колледжде – 26 736 кітап қоры бар. Кітапхана қорының жалпы құны – 17534261,48 теңгені құрайды. 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында 540 оқырманға қызмет көрсетті. Кітапхананың кітап қоры 26 736 дананы құрайды, оның ішінде 5554 данасы мемлекеттік тілдегі әдебиеттер мен оқулықтар. Кітап берілімі 4322. 2021 жылы 720 дана жаңартылған білімде жалпы пән оқулықтары келді. «Кітапхана қорларын цифрлау» жобасы барысында қор сақталымын қамтамасыз ету, оны жетілдіру, қорға қолжетімділікті кеңейту, жалғыз данаға деген оқырман сұранысын қанағаттандыру мақсатында құжаттарды цифрлы форматқа көшіру жұмыстары жүргізілуде.

«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығын басшылыққа ала отырып, педагогикалық әдеп қағидалары нормаларын сақтауға жауапты әдеп жөніндегі уәкілді тағайындау және Педагогикалық әдеп Кеңесі құрамын бекіту туралы колледж директорының 2023 жылғы 01 наурыздағы №25 бұйрығына сәйкес Кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің ережесі бекітіліп, жұмыс жоспары жасалған.

Қызылорда облысының білім басқармасы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 6 наурызындағы Қызылорда облыстық білім басқармасы басшысының «Қызылорда облысының білім басқармасына қарасты білім беру ұйымдарының жанынан құрылған қамқоршылық кеңестер құрамын өзгерту туралы» №30-НҚ бұйрығымен қамқоршылық кеңес құрамы бекітілді.

Кеңес құрамында 9 адам бар. Кеңестің жұмыс жоспары жасалып, отырыстары хаттамаланған. 2022-2023 оқу жылындағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғарғы білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілермен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен партонаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» Ережесін басшылыққа ала отырып, қамқоршылықтағы, көпбалалы отбасынан шыққан және әлеуметтік тұрмысы төмен 91 білім алушы ыстық тамақпен қамтылған.

ҰСЫНЫС:

1. Білім беру ұйымының қамқоршылық кеңесінің жұмысын жандандыру.
2. «Оқуға құштар колледж» жобасы шеңберінде колледж кітапханасына көркем әдебиеттерді толықтыруға ұсыныс беру.

Оқу-өндірістік жұмыстардың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі.

Колледждер бойынша Ұлттық біріңғай деректер қорына тиісті ақпараттарды енгізуді қамтамасыз ету.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі ұлттық білім беру деректер қорына әр сала бойынша, қызметкерлердің, білім алушылардың толықтай мәліметтерін енгізіп отырады. ҰБДҚ колледж директорының бұйрығына сәйкес директор орынбасары мен арнайы маман бекітілген.

Қызметкерлер – 166, контингент – 314, компьютердің жалпы саны – 43, интернетке қосылғаны - 27, кітапхана қоры - 26 736 (оқулықтар – 22579, көркем әдебиеттер – 3566, әдістемелік – 514, қазақ тіліндегі кітаптар саны – 5554, электрондық оқулықтар - 77).

Келісім шарт жасалған кәсіпорындарымен компанияларды – 35.

2022 жылы колледждерді мемлекеттік тапсырыс негізінде бітірушілердің тұрақты жұмысқа орналасу көрсеткішін 70 пайыздан төмен болмауын қамтамасыз ету.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжін 2021-2022 оқу жылында 78 түлек бітірді. Жинақтаушы зейнетақы қорының анықтамасы бойынша олардың 67-і жұмысқа орналасқан, пайызға шаққанда 86.

ҰСЫНЫС:

1. Мақсатты мемлекеттік тапсырыспен білім алушыларды арттыру.
2. Бітіруші түлектердің мамандығы бойынша жұмысқа орналасуына назар аудару.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадр әлеуеті. «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысы негізінде 2022 жылдың 1 қыркүйегіне жасалған штаттық кесте бойынша 166 қызметкер жұмыс атқарады.

Оның ішінде, әкімшілік қызметкерлер саны - 16, педагогтар саны - 129, техникалық қызметкерлер - 21. «Магистр» дәрежесі бар - 16 педагог, «Педагог-шебер» - 1, «Педагог-зерттеуші» - 11, «Педагог-сарапшы» - 22, «Педагог-модератор» - 36. Жоғары санатты - 12, бірінші санатты - 19, екінші санатты - 20.

Тәртіптік жауапкершілік:

Тәртіптік шаралар бойынша 2022 жылдың қыркүйек-2023 жылдың мамыр айлары бойынша 15 қызметкерлерге тәртіптік шара қолданылды.

Атап айтқанда:

1. Колледж директорының 10.10.2022 жылғы №87-жқ бұйрығы негізінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсетілуіне ішкі бақылауды тиісті деңгейде жүргізілмегені үшін директор оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Ахметовке, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Елеусиноваға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.
2. Колледж директорының 12.10.2022 жылғы №88-жқ бұйрығы негізінде сабақ кестесі бойынша жұмыс орнында болмағаны үшін Е.Омаровқа «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.
3. Колледж директорының 22.12.2022 жылғы №114-жқ бұйрығы негізінде «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» ҚР 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V Заңына сәйкес 2022 жылдың 26 қазаны - 24 қарашасы аралығындағы Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының 2019 жылдың 1 қаңтары - 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі тексеру жұмысында кемшіліктерге жол бергені үшін колледж бас есепшісі М.Шаймерденоваға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.
4. Колледж директорының 26.12.2022 жылғы №115-жқ бұйрығы негізінде колледж коменданты Г.Нурбаеваның үстінен студенттер, ата-аналардан түскен өтініштеріне байланысты «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.
5. Колледж директорының 30.12.2022 жылғы №118-жқ бұйрығы негізінде колледж коменданты Г.Нурбаеваның жатақхана тұрғындарының төлемақысын өз есепшотына аудартып, есеп-қисап бөліміне өткізбеуіне сәйкес «Сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

6. Колледж директорының 18.01.2023 жылғы №07-жқ бұйрығы негізінде Әдеп кеңесінің отырысының шешіміне байланысты «Фортепиано және концертмейстерлік» бірлестігінің оқытушысы Д.Омарға «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

7. Колледж директорының 17.02.2023 жылғы №25-жқ бұйрығы негізінде еңбек ақыны қате есептегені үшін колледж есепшісі Б.Каукаевқа «Ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылған.

8. Колледж директорының 10.03.2023 жылғы №37-жқ бұйрығы негізінде колледж мүліктерін қайта тексеру негізінде колледж мүліктерінің, музыкалық аспаптардың жетіспеушілігіне байланысты қоймашы Д.Әбдібековаға «Ескерту», комендант Г.Нурбаеваға «Қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған.

9. Колледж директорының 14.03.2023 жылғы №39-жқ бұйрығы негізінде 2023 жылдың 10 наурызында ұйымдастырылған мәнерлеп оқу сайысы мен байқауда жіберген өрескел қателіктеріне байланысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Елеусиноваға «Қатаң сөгіс», «Хорды дирижерлау» бірлестігінің меңгерушісі И.Кимге «Ескерту», «Хорды дирижерлау» бірлестігінің оқытушысы Ж.Қайырбергенқызына «Сөгіс» түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған.

10. Колледж директорының 28.04.2023 жылғы №64-жқ бұйрығы негізінде 06-08 сәуір аралығында XV Республикалық олимпиадаға қатысуға рұқсат алмағаны және жауапты оқытушылардың өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарамауына байланысты «Хорды дирижерлау» бірлестігінің меңгерушісі И.Кимге, оқытушылар А.Абуоваға, М.Жаманкееваға «Сөгіс» түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған.

2022 жылдың қыркүйек – желтоқсан айлары бойынша колледжде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелері.

«Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында 2022 жылдың қыркүйек – желтоқсан айларында қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау болған жоқ.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

«Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Enbek.kz. платформасында бос жұмыс

орындары бойынша берілген хабарландыруға сәйкес жұмыс іздеушілер өз өтініштерін білдірді.

Колледжде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін жұмыс іздеушілерді жұмысқа қабылдау орын алған жоқ.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

Қызметкерлерді еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметінің №1193 қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу. Білім беру ұйымында қызметкерлерге көтермелеу сыйлықақысы тағайындалған жоқ.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу. Қызметкерлерді атқарған жұмыстарының нәтижесіне сәйкес қалалық, аудандық, облыстық, республикалық алғыс хаттармен марапаттауға ұсынылды.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Білім беру ұйымында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығына сәйкес Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша колледждерде 7 қызмет түрі көрсетіледі.

1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру – 9.
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – 123.
3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру – 3.
4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру – 120.

5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру – 3.

6. Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы – жоқ.

7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондайақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну – 94

Аталған мемлекеттік қызмет түрлері заңдылыққа сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы, Е-gov порталы арқылы, тікелей колледждің SmartNation Gollege платформасында жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында мемлекеттік қызмет бойынша есептері берілді.

VI. Рұқсат беру функцияларына іске қосу.

Негізінен Білім беру ұйымында тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларына іске қосу.

Білім беру ұйымында бақылау, қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру.

Материалдық техникалық базаны нығайтуға 2022 жылдың қантар – желтоқсан айлары аралығында алынған заттар саны 151 дана соммасы 24283,3 (жиырма төрт миллион екі жүз сексен үш мың үш жүз) теңге.

Кітапхана қорына 2023 жылдың ақпан айында – 3 163 740,60 теңге қаржыға 720 дана оқулық сатып алынды.

2022 жылдың қантар - желтоқсан айлары аралығында коммуналдық қызметтерге (интернет желісіне) 842,9 (сегіз жүз қырық екі мың тоғыз жүз) теңге, байланыс қызметіне 265,3 (екі жүз алпыс бес мың үш жүз) теңге, жылу маусымына жұмсалған қаржы 4314000 (төрт миллион үш жүз он төрт мың) теңге, электр энергиясына 3439,6 (үш миллион төрт жүз отыз тоғыз мың алты жүз) теңге, ауыз суға 717,8 (жеті жүз он жеті мың сегіз жүз) теңге қаржы жұмсалды.

2022 жылдың шілде – желтоқсан айлары аралығында Дәрі дәрмектер мен медициналық мақсаттағы өзге де құралдарды сатып алуға жұмсалған қаржы 60,7 (алпыс мың жеті жүз) теңге.

2022 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығын қоса алғанда мекеме теңгеріміндегі 2410 – есеп шоты бойынша негізгі қорлардың баланыстық құны 413787,5 (төрт жүз он үш миллион жеті жүз тоқсан сексен жеті мың бес жүз) теңге.

2022 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында шәкіртақыға жергілікті бюджеттен 324 студентке жұмсалған қаржы 58013,0 (елу сегіз миллион он үш мың) теңге, республикалық бюджеттен 324 студентке жұмсалған қаржы 14503,0 (он төрт миллион бес жүз үш мың) теңге.

2022 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында жеке тұлғаларға берілетін трансферттер (ыстық тамаққа) жергілікті бюджеттен жұмсалған орташа 111 оқушыға жұмсалған қаржы 8237,0 (сегіз миллион екі жүз отыз жеті мың) теңге.

Жергілікті бюджеттен (261025045) бағдарламасы бойынша 2022 жылдың қаңтар –желтоқсан айлары аралығында жергілікті бюджеттен берілген қаржы 562576,0 (бес жүз алпыс екі миллион бес жүз жетпіс алты мың) теңге, жұмсалған қаржы 562576,0 (бес жүз алпыс екі миллион бес жүз жетпіс алты мың) теңге.

Республикалық бюджеттен (261025011) бағдарламасы бойынша 2022 жылдың қаңтар –желтоқсан айлары аралығында жергілікті бюджеттен берілген қаржы 351819,0 (үш жүз елу бір миллион сегіз жүз он тоғыз мың) теңге, жұмсалған қаржы 351819,0 (үш жүз елу бір миллион сегіз жүз он тоғыз мың) теңге

Ақылы оқыту №012, ақылы қызмет№004 кіші бағдарламасы бойынша 2022 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығында есеп шотқа түскен қаржы 10688,0 (он миллион алты жүз сексен сегіз мың) теңге, жұмсалған қаржы 9747,0 (тоғыз миллион жеті жүз қырық жеті мың)теңге. Жыл соңына қалдық 941,0 (тоғыз жүз қырық бір мың) теңге.

IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

2022 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығын қоса алғанда «Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі» КМҚК-ны мынадай мемлекеттік сатып алулар жүргізілген:

1) Бір көзден сатып алу арқылы әр түрлі қызметтерге (су, электр энергиясы, байланыс қызметтері, инернет жүйесі, семинарлар, диплом мұқабалары, газет журналдар, банк қызметтері, жылумен қамту; ақпараттық ресурстар және қызметкерлерді сақтандыру, т.б.) барлығы 11205, 72 мың теңгеге әртүрлі өнім берушілермен, қызмет көрсетулерге 20 келісім шарт жасалған.

2) Ашық конкурс арқылы бейне бақылау жүйесін орнату және қызметіне "Асанас-Дар" ЖШС мен 14249, 99 мың теңге көлемінде келісім шарт жасалған.

3) Баға ұсыныстары арқылы сұрату тәсілімен (шаруашылық заттар, кеңсе тауарлары, қалдықтарды шығару қызметі, дезинфекция қызметі, өрт дабылына және өрт сөндіру құралдарына техникалық қызмет көрсету, Қазақстан үшін бір С бухгалтерлік бағдарламаны жаңарту 8.3, акт залына арналған орындықтар, процессор, жылыту жүйесін шаю және қысымды сынау бойынша қызметтер, интербелсенді тақта және қауіпсіздік бойынша кеңес беру қызметтері) барлығы 8739,19 мың теңгеге әртүрлі өнім берушілермен және қызмет көрсетушілермен 33 келісім шарт жасалған.

4) Өткізілмеген мемлекеттік сатып алудың бір көзден сатып алу тәсілі бойынша (Интернет жүйесі және жылуөлшегіштерін тексеру) барлығы 1114,764 мың теңгеге әртүрлі қызмет көрсетулерімен 2 келісім шарт жасалған.

5) Электронды магазин арқылы (монитор, клавиатура, цифровой проектор және 25 кг водозмульсиондық бояу) барлығы 3536, 80 мың теңгеге 2 өнім берушілермен келісім шарт жасалынды

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты 2022 жылы қыркүйек – желтоқсан айларында жеке және заңды тұлғалардың өтініштері жоқ.

ҰСЫНЫС:

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда, келісім – шарт жасасуда НҚА қатаң басшылыққа алу.

Жауапты тұлғаларға жұмыс барысында НҚА бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Талдау нәтижесінде Білім беру ұйымының қызметінде қолданылатын НҚА және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша

ҰСЫНЫМДАР:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.1. Жан басына қаржыландыру жүйесіне байланысты білім алушылардың оқудан шығуына жол бермеу, оқу-тәрбие процесіне тарту.

1.2. Білім беру ұйымының бейнебақылау камераларының санын арттыруға қаржы көздерін қарастыру;

1.3. Білім беру ұйымы жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

1.4.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды насихаттау және алдын алу бойынша жұмыстарды тұрақты негізде жүргізу.

1.5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспар тармақтарының іске асырылуы мен уақытылы орындалуына бақылауды күшейту.

«КЕЛІСІЛДІ»


Жұмыс тобы мүшелері:

Колледж директоры міндетін
уақытша атқарушы




Ахметов М.А.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары




Елеусинова Р.Т.

Директордың оқу-өндірістік ісі
жөніндегі орынбасары



Мусурманкулов А.А.

Бас есепші



Шаймерденова М.Е.

Шаруашылық меңгерушісі



Исаева Б.Ш.

Кадр бөлімінің меңгерушісі



Ибадуллаева Г.Ж.

Жатақхана тәрбиеші



Куланбаева Г.А.

Оқу бөлімінің хатшысы

Жумагулова М.А.